

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

Талдау және қоғамдық байланыстар бөлімі

2010ж. 3-ші тоқсанға

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫН
АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ**

2010 ж.


2010 жылғы 1 қазандағы жай-күй бойынша отандық банктер шамамен Т2,14 трлн.бөлшек салымдарды шоғырландырды, бұл ретте, арнайы резервте жиналған Қордың қаржылық ресурстары 50% жарғылық капиталды есепке ала отырып 115,2 млрд. теңгені немесе жиынтық депозиттік базаның 5,4%-н құрады.

3-тоқсанда бөлшек депозиттердің түсімі Т96 млрд. теңгені немесе 4,7%--ды құрады (жыл басынан Т200 млрд., немесе 10,3%). Бұл тоқсандық өсім депозиттік ағымдағы жылдың бүкіл бірінші жартыжылдығы ішіндегі өсумен салыстыруға келетіндігіне қарамастан, 2004 жылдан бастап базаның жалпы тоқсан бойынша динамикасы аясында (1-суреттен көрініп отырғандай) бұл өсу барынша оғаш көріне қоймайды. Бұдан басқа, банк секторының салыстырмалы тұрақты болуына қарамастан, ағымдағы жылы депозиттер көлемінің өсу қарқыны біршама қаржы тұрақсыздығы кезеңіндегі (2007 жылдың екінші жартысы – 2008 жыл) қарқыннан аспады.




Жиынтық депозиттік қоржын құрылымындағы басым бөлігін Т1,87 трлн. сомамен мерзімді салымдар алады. Жыл басынан бастап мерзімді депозиттердің жалпы үлесі 84,7%-дан 87,5%-ға дейін өсті. Бұдан әрі ағымдағы және карт-шоттардағы сомалар - 11,7%, талап еткенге дейінгі салымдар - 1,3% және шартты салымдар - 0,1% құрады (2-суретті қараңыз).

2-сурет. Жиынтық салымдар қоржынының сегменттелуі




3-тоқсанда жеке тұлғалардың депозиттер түсімінің көп бөлігі Т15 млн. теңгеден асатын ірі салымдар арқылы қамтамасыз етілді, олар 40,5 млрд. теңгеге көбейді (3-суретті қараңыз). Бұдан басқа, 1 млн. теңгеден 5 млн.теңгеге дейінгі және 5 млн.теңгеден 15 млн.теңгеге дейінгі мерзімді салымдар арасында ерекше белсенділік байқалды, оның өсімі тиісінше Т25,9 млрд. және 22,6 млрд. теңгені құрады.

3-сурет. Салым сома мөлшерінің қимасындағы тоқсандық өзгерістер



Салымшылар арасында депозиттердің біршама танымал валютасы болып теңге сақталып отыр. Тоқсан ішінде теңгедегі бөлшек салымдардың үлесі 52,3%-дан 52,6%-ға дейін өсті, ал жыл басынан 43,4%-ға өсті. Сонымен қатар, тоқсан ішінде АҚШ долларындағы депозиттердің үлестік салмағы 38,2%-дан 37,4%-ға дейін қысқарды. Жыл басында 12,0%-ды құраған еуроғағы салым үлесі 1 қазандағы жай-күй бойынша 9,7%-ды құрады. Басқа валюталарда орналастырылған депозит қаражаттарының үлесі өзгермеді және жиынтық базада 0,3%-ды құрады.

Бұдан басқа, салымдарды орналастыру мерзімдері бөлігінде депозиттік база құрылымының өзгеруі соңғы бірнеше кезең ішінде депозит нарығы қарқынының бірі болды. Мысалы, депозиттер қарқынын қарастыру кезінде депозиттік қоржынның жиынтық өсуінде ұзақ мерзімді салымдар (1 жылдан аса мерзіммен) рөлінің төмендеуін атап өтуге болады. 2009 жылдың 2-тоқсанынан бастап (2009 жылдың 4-тоқсанын қоспағанда) 1 жылдан аз мерзімді салымдар, сондай-ақ талап еткенге дейінгі салымдар мен ағымдағы және карт-шоттардағы қалдық сомалар банктердің депозит базасы өсімінің жартысынан астамын қамтамасыз етеді (4-суретті қараңыз).



Сонымен қатар, 2010 жылғы 1 қарашадағы жай-күй бойынша Қордың Наурыз банкі бойынша төленген кепілдік берілген өтемінің жиынтық сомасы Т679,5 млн., ал Валют-Транзит Банкі бойынша - Т13,87 млрд.теңгені құрағандығын атап өткен жөн. Наурыз банкі бойынша төленген кепілдік берілген өтем сомалар бойынша Қордың талаптарды қанағаттандыру тәртібінде алынған сома Т679,4 млн. теңгеге немесе банктің тарату комиссиясына Қордың барлық талаптарының жиынтық сомасының 88%-ына жетті, ал Валют-Транзит Банкі бойынша Т4,22 млрд. теңгеге немесе Қордың барлық талап еткен сомасының 29,8%-на жетті.

**Қатысушыбанктердегі жеке тұлғалардың депозиттері жайлы жинақ
мәлімет**

2010 ж. 1 қазаны бойынша

мың. теңге

№	Аты	Сума	Токсан бойынша өзгеріс	Жыл басы бойынша өзгеріс
1.	Талап етілгенге дейін, сонын ішінде:	29 419 037	3 702 160	- 24 778 828
1.1.	<i>теңге</i>	13 018 860	2 839 080	2 053 403
1.2.	<i>басқа валюта</i>	16 400 177	863 081	- 26 832 231
2.	Мерзімді депозиттер, сонын ішінде:	1 869 492 632	94 481 164	229 420 360
2.1.	<i>теңге, сонын ішінде</i>	905 358 381	58 145 044	248 067 652
2.1.1.	1 млн. теңгеге дейін	201 165 538	5 171 867	22 730 564
2.1.2.	1-ден 3 млн. теңгеге дейін	169 922 171	13 463 866	46 810 877
2.1.3.	3-тен 5 млн. теңгеге дейін	76 839 947	4 934 704	21 270 449
2.1.4.	5-тен 10 млн. теңгеге дейін	87 837 872	8 885 926	29 240 200
2.1.5.	10-нан 15 млн. теңгеге дейін	37 743 192	5 266 443	13 199 360
2.1.6.	15 млн. теңгеден жоғары	331 849 661	20 422 238	114 816 201
2.2.	<i>басқа валюта, сонын ішінде</i>	964 134 251	36 336 120	- 18 647 292
2.2.1.	1 млн. теңгеге дейін	72 938 011	285 524	- 501 593
2.2.2.	1-ден 3 млн. теңгеге дейін	95 805 123	5 576 335	6 337 068
2.2.3.	3-тен 5 млн. теңгеге дейін	60 434 324	1 939 765	570 347
2.2.4.	5-тен 10 млн. теңгеге дейін	78 154 970	4 063 445	7 085 579
2.2.5.	10-нан 15 млн. теңгеге дейін	40 367 419	4 352 421	3 417 768
2.2.6.	15 млн. теңгеден жоғары	616 434 404	20 118 630	- 35 556 460
3.	Шоттардағы қалдықтар, сонын ішінде:	237 208 527	-2 266 199	- 4 832 999
3.1.	<i>теңге</i>	206 043 493	-2 882 409	33 281 490
3.2.	<i>басқа валюта</i>	31 165 034	616 210	- 38 114 489
	Теңге және шетелдік валютадағы жеке тұлғалардың барлық депозиттері	2 136 120 196	95 917 125	199 808 532